

ҚАЗҰУ ЖІГІТТЕРІНІҢ МЕРЕКЕЛІК ТАРТУУЫ

КазНУ им. аль-Фараби принял участие в работе IV Евразийского саммита по высшему образованию EURIE (Eurasia Higher Education Summit), который состоялся в г.Стамбул (Турция).

КУРС НА ЭКСПОРТ ОБРАЗОВАНИЯ

Цель мероприятия – содействие развитию сотрудничества в сфере высшего образования в Евразийском регионе. Организатором саммита выступило Евразийское объединение университетов.

На мероприятии приняли участие представители более 200 вузов и образовательных организаций 70 стран мира.

На образовательной выставке, открывшейся в рамках саммита КазНУ, как ведущий вуз Казахстана, представил свой павильон и презентовал образовательные программы и исследовательские проекты. Участники и гости мероприятия с большим интересом знакомились с достижениями университета и высоко оценили его образовательный и научно-инновационный потенциал.

Продолжение на 3 стр.

ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ ДЛЯ SMART CITY

КазНУ им. аль-Фараби в целях реализации государственной программы «Цифровой Казахстан» открывает двудипломную инновационную программу подготовки специалистов - «Smart City».

Ведущий казахстанский университет, став членом международного консорциума вузов «Smart City», совместно с вузами Европейского Союза приступил к разработке магистерской программы по специальности «Информационные технологии для умного города» по проекту «ERASMUS+».

Программа включает интегрированный учебно-методический комплекс, систему управления качеством подготовки, повышение квалификации преподавателей, проведение презентаций европейскими вузами-партнёрами модели «Smart University», а также обучения по академической мобильности в лучших университетах Европы. В рамках проекта в КазНУ также будет открыт научно-образовательный центр технологий умных городов.

В КазНУ успешно реализуется научно-инновационный проект «Al-Farabi University Smart City», основанный на учении великого тюркского философа Аль-Фараби о добродетельном обществе и симбиозе духовно-нравственной и технологической платформ. Проект является составной частью формирования модели университета нового поколения – «Университета 4.0». Такие университеты являются драйверами прогрессивного технологического развития, а также социальных и культурных преобразований человечества. Данная модель была представлена в ООН и была поддержана широкой академической общественностью на международном уровне.

Следует отметить, что КазНУ участвует в более 30 действующих международных программах «Erasmus+», неоднократно выступал в качестве национального координатора проектов «Erasmus Mundus» и является лидером среди казахстанских университетов по количеству реализуемых проектов.

Соб. корр.

ҚазҰУ-да Өмірбек Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында университет ректоры Ф.М. Мұтановтың бастамасымен дәстүрге айналған 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі ерекше салтанатпен өтті.

Гүл жайнаған көктем мен гүлдей құлпырған арулар кашан да бір ұғым іспеттес. Көктем көңілге нұр, жүрекке жыр, кеудеге әсем әуен сыйлайтын мезгіл. Көктемнің алғашқы мерекесі, әйел жаратылысының мейрамы. Сондықтан мерекелік кештің алғашқы шымылдығы "Көктем лебі" әнімен ашылды. Одан кейін, университет ер азаматтары ән салып, би билеп, композициялық қойылымдар қойды. Проректорлар, декан және орынбасарлары, бөлім басшылары барлық қыз-келіншектерді өздерінің басшылықтан бөлек өнерлі қырларын көрсетіп, тәнтгі етті.

Университет ұжымының тең жартысынан астамы жігерлі де қажырлы, нәзік жанды әріптестерімізден құралған деп сөз алған ректор Ғалым Мұтанов: «Құрметті, арулар, аналар, ханымдар! Ана–адамзаттың дамуындағы негізгі күш. Қыздарымызды "болашақ ана" деп, ал аналарымызды мәртебесіне сай қадірлеп, қошеметтеуіміз керек. Өйткені, сондай қарым-қатынас, көзқарас болған кезде ғана, барлық ұлт та, мемлекет те жақсы дамитынын біз көріп жүрміз. Сол себепті, өз университетімізде осы мерекені жақсы қарсы алуды дәстүрге айналдырып келеміз. Өйткені, сіздердің көңіл-күйлеріңіз жақсы болса, орта да жақсы болады. Сіздердің көңіл-күйлеріңіз көтерілсе, біз де көтеріліп каламыз. Біздің университетімізге болашақ аналарды дайындайтын жақсы жоба керек деп ойлаймын. Өйткені, жақсы ана болса, онда тіл де, мәдениет те, әдебиет те, ғылым да өркендейді. Сондықтан, болашақ аналарды тәрбиелеуді бүгіннен бастау керек! Мерекелеріңіз құтты болсын! Сіздердің отбасыларыңызға амандық, ниеттеріңізге тазалық, дендеріңізге саулық, жұмыста табыс, шексіз махаббат пен баянды бақытқа ие

болуларыңызға тілектеспін»,—деп жылы лебізін білдірді.

Университет ректорының құттықтау сөзінен кейін "Рухани" тобы "Сұлулық", Бақыт Әмірбек "Сен мені ойлайсың ба?" әндерімен мерекелік ән шашуын ұсынды.

Биылғы жылғы концерттік бағдарламаның форматы ерекше өтті. Ер-жігіттерден құралған тамаша топтар, естелікке толы ескі жылдардан, балалық шақтан көз алдымызға киноленталарды жылжыта отырып, сүйікті фильмдерден үзік сыр шертті. Фильмдердің әдемі де әуезді әндері көпшілікке керемет көңіл-күй сыйлағаны рас.

Аталмыш концерттік бағдарламаны Халықаралық қатынастар факультетінің жігіттері "Абзал ана" әнімен бастап берді. Одан кейін Химия және химиялық технология факультеті "Тыңда", Журналистика факультеті "Төлегеннің әні", Биология және биотехнология факультеті мен филология және әлем тілдері факультеті "Той жыры", Жағдаяттық бақылау орталығы "Эй гусар", Тарих, археология және этнология факультеті "Назқоңыр", департамент директорлары "Перекресток", Физика-техникалық факультеті "Группа крови", Шығыстану факультеті "Аямадиско", Экономика және бизнес жоғары мектебі мен философия және саясаттану факультеті "Вечная любовь", профессор Ә.Төлеубаев "Желсіз түнде жарық ай", География және табиғатты пайдалану факультеті "Где-то на белом свете", ҚазҰУ колледжі "Туған ел" әнімен және университет проректорларының орындауындағы әсем әндер кәсіби әншілерден кем туспейтін, сахнаны еркін менгерген өнер адамдарындай әсерге бөледі.

Жалғасы 3-бетте

ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ
ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ



2-бет

ЧЕМПИОННЫҢ
АЛТЫНЫ



3-бет

ОЗЫҚ ҰЛГІДЕГІ
УНИВЕРСИТЕТ



4-бет

Қоғамның негізгі қозғаушы күші

Кезекті ректорат мәжілісі ҚазҰУ-дың 2018 жылдағы ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметінің қорытындылары және зерттеу университетіндегі ғылыми-инновациялық құрамдас бөлікті көбейту жолдарын талқылаудан басталды.



«Ғылым – қазіргі қоғамның негізгі қозғаушы күші. Осы ретте университет ғылыми-зерттеу саласының дамуына барынша жағдай жасауда. Оған дәлел ретінде биылғы жылы 460 жоба іске асырылып, жалпы сомасы 4 млрд. 692 млн. теңгені құрады», – деді ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілекқабұл Рамазанов. Сондай-ақ проректор халықаралық ғылыми және білім беру жобалары мен бағдарламаларды қаржыландыру көлемі, қосдипломды бағдарлама бойынша білім алушылар, шетелдік мамандарды шақыру, биылғы жылғы ғылыми жарияланымдар, халықаралық ғылыми конференциялар, Start-up компаниялар, студенттердің ғылыми-зерттеу қызметі, халықаралық ынтымақтастық туралы келісімдер саны мен осы сынды басқа бағыттардың пайыздық көрсеткіштеріне тоқталып өтті.

Кезекте «Al-Farabi University Smart City» тұжырымдамасын іске асыру бойынша жобалардың жол картасын бекіту туралы бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаевтың баяндамасы тыңдалды. Проректор «Аталған тұжырымдама бойынша оқу әдістемелік жұмыс бағытында талапкерлер мен білім алушыларға арналған білім беру бағдарламаларының интерактивті анықтамасын әзірлеу және оны енгізу, «Univer» жүйесінде интерактивті

силлабус енгізу, экономика және бизнес жоғары мектебі мен механика-математика факультетінде сертификациялық бағдарламалар кластерлерін құру қажет», – деді. Ол сондай-ақ әкімшілік-шаруашылық жұмыс, халықаралық ынтымақтастық, әлеуметтік-тәрбие жұмысы және ғылыми-инновациялық бағыттар бойынша факультет декандары мен басқарма басшыларына тұжырымдамаға сәйкес жобаларды іске асыруды тапсырды. Сонымен қатар мәжіліс аясында химия және химиялық технология факультетінің деканы Хайдар Сүлейманұлы университет делегациясының Пәкістанға іссапары барысында Пәкістанның Караші университетінде ҚазҰУ-мен бірлескен ғылыми орталық-инновациялық зерттеулер зертханасын ашылғанын хабардар етті. «Аталған жоба Оңтүстік елдерінің тұрақты дамуы үшін ғылым және техника жөніндегі

комиссияның (COMSATS) көмегімен жүзеге асырылған. ҚазҰУ Қазақстандағы COMSATS үстемдігінің серіктесі, 2015 жылдан бастап осы халықаралық ұйымға кіретін ТМД елдеріндегі жалғыз жоғары оқу орны. Жетекші қазақстандық ЖОО COMSATS мүшесі болып табылатын Азияның, Африканың, Латын және Орталық Американың 25 елінің танымал университеттерімен және ғылыми-білім беру орталықтарымен ынтымақтастық орнатқан», – деді факультет деканы. Сонымен қатар жиын аясында ҚазҰУ-дың IV Еуразиялық жоғары білім беру EURIE (Eurasia Higher Education Summit) саммитіне және Стамбұлдағы Фараби үйінің ашылуына қатысты баяндамалар тыңдалып, өзге де өзекті мәселелер кеңінен талқыға түсті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

В ПАКИСТАНЕ ОТКРЫТ НАУЧНЫЙ ЦЕНТР КАЗНУ



особенно важно, внесет значительный вклад в подготовку высококвалифицированных и конкурентоспособных молодых кадров Казахстана», – сказал проректор КазНУ.

Меморандум о сотрудничестве, который подписали КазНУ и университет Карачи, предусматривает совместную подготовку на базе центра научных кадров, разработку и реализацию исследовательских работ и проектов в области фитохимии, биомедицины, производства лекарственных препаратов и

продукции на основе растительного сырья.

КазНУ является партнером и центром превосходства COMSATS в Казахстане, единственным вузом из стран СНГ, входящим с 2015 года в эту международную организацию. Ведущий казахстанский вуз сотрудничает с известными университетами и научно-образовательными центрами 25 стран Азии, Африки, Латинской и Центральной Америки, являющимися членами COMSATS.

Соб. корр.

QYSQA-NUSQA

Almaty qalasynda «Shet tilder» mamandyqtar boyynsha stýdentterdiń Respýblikalyq pándik olimpiada ótti. Pándik olimpiada jazbasha jáne aýyzsha eki kezeńnen turdy.

Al-Farabi atyndaǵy QazUÝ-dyń filologıa jáne álem tilderi fakýltetiniń jalpy til bilimi jáne eýropa tilderi kafedrasynyń 3 kýrs stýdenti Dinora Sultanova C1 deńgeiniń synaq tapsymalaryn oryndap, birinshi annalymnan sátti ótti. Ekinshi kezeńde fransýz tilinde zertteý jobasyn qorǵady. «Lingvomadeni aspektidegi shetel ǵylymy men ádebi synynyń zamańaýı tuıjrymdamasy» taqyrybynda zertteý jobasyn jaqsy qorǵaǵan Dinora Sultanova QR BıGM diplomymen, al ǵylymi jetekshisi A.Kamzina maqtaý qaǵazymen marapattaldy.

Is-sharanyń maqsaty – til men sheberlik daǵdylarynyń básekege qabiletiligin baǵalay.

Jalpy til bilimi jáne eýropa tilderi kafedrasy

Al-Farabi atyndaǵy Qazaq ulttyq ынiversitetiniń medısina jáne densaýlyq fakýltetinde «Jýrnaldy klýb» ǵylymi klýbynyń segizinshi otyrysy ótti, onda ǵylymi-pedagogikalıq baǵyt boyynsha 1 kýrs PhD-doktoranty A.I. Djýmanov qaterli isikke qarsy skrinıng ádisteriniń diagnostikalıq dáldigi men medısinalıq-ekonomikalıq tuımdiligi boyynsha ǵylymi basylımnıy synı taldadıyn júrgizdi. Tańaldan maqala óz zertteýlerimizdi, bizdiń magistrantтарымыздың jáne doktorantтарының ǵylymi jarıalanymдарын jazýǵa jaqsy úlgi boldy.

Sonymen qatar, jýrnal klýbynyń kezdesýleri qatysyshylardıń praktikalıq daǵdylaryn dáleldemeler men ǵylymiádebiet derekterin synı baǵalay negizinde damytýǵa jáne jaqsartýǵa kómetkesedi. Jýrnal klýbynyń jumysy bilim alyshylardıń jeke damý josparynyń sheberinde bilim qurylymyna da áser etedi. Jýrnal klýbynyń otyrysyna qatysqandardyń barlyǵy kóptegen beirresmi saýaldar qoia otyryp, ashyq ángime júrgizdi.

Medısina jáne densaýlyq fakýlteti

Jýrnalistika fakýltetiniń stýdentteri qoǵamǵa óz úlesterin tizizýde. Stýdentterden quralan top "Start-Up" jobasy boyynsha óz jumysyn bastaǵaly jatyr.

Jobanyń negizgi maqsaty: Elektrotehnikalyq jáne elektronдық jabdyqtardıń qaldyqtary (EEJQ) turǵyndardıń óz ómirine, bolashaǵyna, qorshaǵan orta men qoǵamǵa, sondaı-aq Almaty qalasynda EEJQ qaldyqtaryn qabyldatyn ortalyq qurýǵa baǵyttalǵan. Bizdiń QazUÝ stýdentteriniń maqsaty men mindeti: Elimizdegi qorshaǵan ortanyń lastanıyna óz yqpalyń tizizip jatqan tehnikalardan, jańa turmystyq materialdardy jasap shyǵarý. Máselen: Útik, qysqa tolqyndy pesh, teledidar, derbes kompyúter, telefon, saǵat sekildi jumys isteyin toqtatqan tehnikalardan, turmysqa qajetti dúnielardi jasap shyǵarý jáne ony turǵyndar arasynda ekologıualyq habardarlyqty arttyru maqsatymyz bolyp tabylady.

Qorytyndylai kele, bizdiń toptyń stýdentteri "Start-up" jobasyn qoldai otyryp, tabıǵatty qorǵaýǵa, eldiń tabıǵat-resýrstyq jaǵdaiyn jaqsartýǵa jáne turmystyq tehnikalyq materialdardy jasap shyǵarý josparymyzda bar. Biz joba aıasynda aldymen tehnikany óndemes buryn, tabıǵatqa zııany times úshin ony ýtilzasııalap, iaǵni zalalsyzdandyryp, sodan soń óndeý qajet ekenin uǵyndyq. Onimniń ýtilzasııadaǵy qaraparymdylyǵy men qaýıpsizdigi, materialdardy neǵurlım az shyǵynmen qaita qoldanıdyń múmkindigin túsindik. Osyny ár tehnolog maman eskerse jáne Qazaqstan Respýblikasynyń ár turǵyndary kúndelikti ómirde tazalyqty ustanatyn bolsa, elimizde ekologıualyq máseleler tıyndamaıdy degen oidamyn.

Móldir ÁBIEVA,
jýrnalistika fakýltetiniń 1 kýrs stýdenti

ДО СВИДАНИЯ, СЕНСЕЙ

КазНУ им. аль-Фараби более 20 лет тесно сотрудничает с международным Японским фондом, миссией которого является популяризация японского языка и культуры по всему миру.



Японский Фонд был создан в 1972 г. как специальная организация под эгидой Министерства иностранных дел Страны восходящего солнца и осуществляет двустороннюю международную деятельность по культурному обмену, в том числе направляет опытных преподавателей-носителей языка за рубеж.

Так, с 1995 г. на японское отделение Факультета востоковедения КазНУ направлены более 10 специалистов. Они способствуют повышению уровня преподавания японского языка и укреплению мостов дружбы и взаимопонимания между нашими странами. За этот период университет получил около 7 млн. тенге на приобретение необходимой учебной литературы, аудио и видео материалов, а также техническое оснащение лингафонного кабинета. По грантам Международного японского фонда преподаватели отделения японоведения КазНУ неоднократно прошли языковую стажировку в крупнейших международных центрах по изучению японского языка – Урава, Кансай, в международном институте японского языка Итикава. Выделяются гранты для проведения научных исследований, приглашение зарубежных специалистов. С 2013 года при поддержке сети Sakura Network, филиала данной организации, преподавателями японского отделения проводятся

профессионально-ориентационные работы в различных регионах Казахстана.

В настоящее время активную помощь и поддержку в развитии японоведения в университете оказывает делегированный профессор и специалист Японского фонда Ониши Юми. Она с 2016 года работает на кафедре Дальнего Востока факультета востоковедения. Бесценен вклад профессора в установлении сотрудничества с ведущими вузами Японии как Университет София (Токио), Университет Бункё Гакуин (Токио), Университет Коучи (Коучи), Университет иностранных языков (Кобе). Под ее руководством активно осуществляется своя деятельность «Клуб разговорного японского языка», проводятся различные культурные программы как мастер классы по оригами, чайная церемония и каллиграфия. С марта 2019 года профессор Ониши Юми завершает свою деятельность в КазНУ, она является последним представителем Японского фонда, делегированным в университет. В знак признательности за долготелее сотрудничество с данной организацией и за активную поддержку японоведения в Казахстане ректор КазНУ Г. Мутанов на Ученом Совете университета вручил госпоже Ониши Юми благодарственное письмо.

Кафедра Дальнего Востока

ҚАЗҰУ ЖІГІТТЕРІНІҢ МЕРЕКЕЛІК ТАРТУУЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Сондай-ақ, жүргізушілер көрермендер арасында классикалық қазақ әндерін бірге орындап, залда хормен ән айтты. Ал әскери кафедра ер-жігіттерінің орындауындағы хор әні әдемі вальспен жалғасын тапты.

Мерекелік шараға қатысқан философия және саясаттану факультеті, дінтану кафедрасының фил.ғылымдарының докторы, профессор Нағима Байтенова: "Біздің университет барлық мерекені өте жоғары деңгейде атап өтеді. Соның бірі, 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай өтетін "Бәрі де сіздер үшін!" атты мерекелік концертті айтуға болады. Бүгін, дәл осы ерекше концертке университеттің барлық нәзік жанды қызметкерлері мен студент қыздарымыз келіп отыр. Біздің ер азаматтарымыздың бізге осындай сый-сыяпатпен осындай өте әдемі концертті көрсетіп отыр. Мен ойлаймын, осы концертті біздің университеттің әйелдер қауымы жыл сайын жіберіп алмауға тырысады. Оны залға жиналған көпшіліктің өзі көрсетіп тұрғандай. Біздің ер-азаматтарымыздың білім-ғылым саласында ғана емес, өнерде де талантты екендіктеріне көзіміз жетіп, сондай сүйсініп,

мейрамнан сондай рақаттанып отырмыз",—деп алғысын жеткізді.

Мерекелік концертті университет студенттері де тамашалады. География және табиғатты пайдалану факультетінің бірінші курс студенті Альбина Сарсенбаева: "Біз сабақтан шығып, Студенттер сарайына барғанымызда ауа-райы сондай тұнжырап, күннің көзін бұлт басып тұрған. Сондықтан концертке келерде мерекелік атмосфераны сезінбедік. Бірақ, мына шара күнде өзімізге сабақ беріп жүрген ұстаздарымыз бен декандарымызды басқа қырынан көрген соң, көңіліміз көтерілді. Мерекені сезініп, әдемі көңіл-күймен үйге қайтып барамыз",—деп әсерімен бөлісті.

ҚазҰУ-дың ер азаматтары биылғы жылы да мерекені өте жоғары дайындықпен атап өтті. Сахна мерекеге сай дизайнмен, бұрын-сонды болмаған техникалық жабдықтармен камтамасыз етіліп, керемет көрініске куә етті.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
философия кафедрасының
2-курс докторанты

Чемпионның алтыны

Словенияда жүзуден халықаралық турнирде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенті Дмитрий Баландин төртінші алтын медальді қанжығасына байлады.



Олимпиада чемпионы 50, 100 және 200 метр браспен жүзде үздік атанды. Сонымен қатар, ол «100 метрден 4 рет» аралас эстафетасында алтын медальға ие болды.

ҚазҰУ-дың тағы бір студенті Әділбек Мусин жүзу бойынша 100 метр баттерфляймен екінші орынды иемденді.

Словениядағы Турнир әлем чемпионаты мен Олимпиада ойындарына біліктілік дәрежесін дәлелдейтін жарыстардың бірі болып табылады.

Өз тілшімізден

КУРС НА ЭКСПОРТ ОБРАЗОВАНИЯ

Продолжение. Начало на 1 стр.



Руководитель делегации КазНУ профессор Мехмет Арслан отметил, что участие в подобных мероприятиях позволяет приобрести большой опыт в реализации программ экспорта образования. «КазНУ одним из первых в стране перешёл от импорта образования к его экспорту. Сегодня в вузе обучаются более 900 иностранных студентов, и этот показатель ежегодно увеличивается. Так, например, в этом году из Турции ожидается поступление более ста студентов», - поделился проректор по коммерциализации.

EURIE является третьей по величине выставочной площадкой высшего образования и науки в мире, целью которой является популяризация научно-образовательного потенциала Евразийского региона в мире, а также развитие партнёрства между вузами Турции и Евразийских стран.

Соб.конт.

Кафедра общего языкознания и европейских языков факультета филологии и мировых языков КазНУ им. аль-Фараби под руководством Мадиевой Гульмиры Баянжановны активно продолжает сотрудничество с зарубежными вузами.

ПРОФЕССОР ИЗ ГОНКОНГА



Так, кафедру посетил профессор Sze Wing Tang - заведующий кафедрой китайского языка и литературы Китайского университета Гонконга и директор исследовательского центра лингвистики. В его научные интересы входят изучение китайского синтаксиса и диалектов, проблемы сравнительной и сопоставительной грамматики, что в полной мере соотносится с направлениями исследований кафедры общего языкознания и европейских языков. Профессор осуществляет научное руководство докторантов кафедры.

В рамках визита был проведен ряд лекций на китайском и английском языках для студентов

бакалавриата, а также для магистрантов и докторантов, которые проявили высокую заинтересованность к темам выступления.

Во время визита был обсужден ряд вопросов сотрудничества в рамках взаимных стажировок и академической мобильности студентов и преподавателей. В перспективе планируется проведение международных конференций, семинаров и мастер-классов как в КазНУ так и в Китайском университете Гонконга.

Кафедра общего языкознания и европейских языков

ОЗЫҚ ҮЛГІДЕГІ УНИВЕРСИТЕТ

«Адам мен адамды, ел мен елді теңестіретін нәрсе – білім», – деп заңғар жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, 85 жыл бойы қазақ халқының, Қазақстан атты Отанымызда тұратын барша ұлт пен ұлыстың шамшырағы болып келген еңселі білім ордасы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Сан мыңдаған талапкерге білім нәрін құйып, кеуделерін нұрландырып, болашақ өмірлеріне жол бағыттап, ғылым жолында талай биік асуларды бағындырған да – осы «қара шаңырақ».

«Тарихты білмей өткенді, қазіргі жағдайды білу, болашақты болжау қиын» деген екен шығыс ғұламасы әл-Фараби бабамыз. Осы орайда, тарихы бір ғасырға татиген білім ордасы – ҚазҰУ-дың 85 жылдық мерейтойы қарсаңында ректорымыз, академик Ф.М. Мұтановтың «Биік асулар жолында» атты мақаласы жарыққа шыққан болатын. Мақалада аталмыш білім ордасының құрылу тарихынан бастап, өз кезегінде басшылықты қолға алған тұлғалардың еңбектері, университеттің сан жылдардағы жетістіктері мен бүгінгі жаңалықтары толық мазмұнды жазылған.

Құнды дүниені оқыдық, ойға қалдық... саналы сөз бен ізінде ізгілік қалдырған тарихты көңілге тоқи отырып, Ұлы даланың дарабоз тарландары мен кесек тұлғалары түлеп ұшқан қасиетті «қара шаңырақтың» тарихын сөзге тиек ете отырып, қолға қалам алуды жөн көрдік.

Биік асулар жолында талай белестерді бағындырған, университетіміздің тарих қойнауына көз жүгіртсек, аталған білім ордасының іргетасын қалап, бүгінге дейін тұғырының биік болып қалыптасуына әр басшының өзіндік қолтаңбасы, үлесі бар.

Қазақ ұлттық университеті өзінің негізін 1934 жылы 15 қаңтарда қалағаннан бастап күні бүгінге дейін Қазақстандағы білім беру жүйесінің бетке ұстар көркі, университеттік дәстүрлердің, кәсіби білікті ғылыми және педагогикалық мектептердің бастау көзі болып қала бермек. Алғашында бұрынғы Верный гимназиясының ғимаратында биология және физика-математика факультетінде 54 студент оқытыла бастады. Университеттің құрылуында ұлттық кадрларды даярлау мәселесін шешуде ректордың да еңбегі ерен, сол жылдары университеттің ең алғаш ректоры Олихов Фёдор Трофимұлы еді.

«Білім алудың тамыры ашы, бірақ жемісі тәтті», – деп Аристотель айтқандай, ауызға айтуға жеңіл соққанмен жұмыстың ұршығын әрмен қарай итеріп екеуі онай тиген жок. Соғыс салған зардаптың ауыртпашылығына қарамастан ұйымдастыру, қалыптастыру, бір жүйеге келтіру сынды қыруар тірлікті атқаруға тура келді. Қара нар көтере алмас жүкті ұстаздар қауымы белдері қайыспастан атқара білді. Университетте соғыс қарсаңы және соғыстан соңғы жылдары 23 кафедрасы бар үш жаратылыстану (биология, физика-математика, химия) және екі гуманитарлық (филология мен журналистика факультеті) факультет жұмыс істеді. Білім ошағының, ұжымның болашағы жарқын болуына бар ынта-жігерімен, күш-қайратын, білігі мен білімін жұмсаған, ел басына күн туған кезде университетті жұдырықтай жұмылдыра білген, ол ректор - Лукьянец Иван Куприянұлы болатын.

Соғыстан кейінгі жылдары, яғни, ректор Төлеген Тәжібаев, Асқар Зақарин, Темірбай Дарқанбаев университетті басқарған тұста университетте 3778 студент оқыды, 386 оқытушы – профессор еңбек етті. 1970 жылы университет құрамында 16 мамандық бойынша жас кадрлар дайындайтын 10 факультет, 65 кафедра болды. 1980 жылы 89 кафедрада 869 оқытушы, оның ішінде 79 профессор мен 540 доцент, ғылым кандидаттары қызмет атқарды.

«Тоғыз ұлым бір төбе, Ер Төстігім бір төбе» демекші, Ұлттық университеттің тарихында Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің есімі өзгелерден бір елі жоғары тұрады. Өмірбек Жолдасбеков – тіл жанашыры, басшылықта іс-қағаздарды қазақша сөйлеткен басшы. Ол механика және машинатану саласы бойынша

терминологиялық сөздікті дайындады. Механика институты 1991 жылдан бастап Өмірбек Жолдасбековтің бастамасымен іс-қағаздарын қазақша жүргізді. Алғаш ҚазМУ қалашығының салынуына ұйытқы болып, көптеген жаңа кафедралардың ашылуына басшылық жасады. Бүгін де Қазақ ұлттық Университетінің студенттер сарайы осы біртуар тұлға «Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің» атымен аталады. Ер есімі–ел есінде мәңгілік сақталады.

Тәуелсіздік алған жылдарға дейін «қара шаңыраққа» иелік еткен Еділ Ерғожин, Мейірхан Әбділдин де университетке бір кісідей еңбек етіп, маңдай терін төкті. Ғылымға жандарын пида ете білді. Ал, ұлттық Университетке есімі әлемге әйгілі ғалым Әбу-Насыр әл-Фарабидің есімі беріліп, тұңғыш рет университет тарихында өзгеріс әкелген жылдары басшы – Көпжасар Нәрібайұлы Нәрібаев болатын. Ол Қазақстанда ЖОО жанындағы алғашқы ҒЗИ болған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның «Экспериментальдық және теориялық физика» - ғылыми-зерттеу институтының құрушысы және алғашқы директоры.

Үшінші мыңжылдыққа табан тіреген тұста университет тізгінін берік ұстап, білім ошағының көркейіп, кемелденуіне Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұловтың да үлесі зор. Т.Ә. Қожамқұлов – ғылымның ірі ұйымдастырушысы. Ол Қазақстанда Жоғары Оқу Орындары жанындағы алғашқы ҒЗИ болған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Экспериментальдық және теориялық физика» ғылыми-зерттеу институтының құрушысы және алғашқы директоры.

Төлеген ағамызды басшы дегеннен бұрын алдымен, тіл жанашыры, қазақ халқының ұлттық коды болған «айтыстың» шынайы көрермені деп білеміз. Сол жылдары университеттен суырылып аламан айтыста өнер көрсеткен айтыс ақындарына қолдау көрсетіп, айтыстың тұрақты көрермені ретінде қазаққа ғана тән дархан көңілімен білім гранттарын сыйлағанын көзі қырақты көрермен жақсы біледі. Қазақта «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген сөз бар, кең пейілді ағамыздың жақсылығын айтудан біз жастар жалықпаймыз.

Аз ғана уақыт ішінде студенттердің жүрегінен орын алып, ұстаздар қауымының ыстық ықыласына бөленіп үлгерген, біз білетін көреген басшы Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловтың да ҚазҰУ үшін сіңірген еңбегі аз емес. Бақытжан Тұрсынұлы, әрдайым білім алуға ұмтылған жастардың талабына гүл бітіріп, олардың мүдделерін қорғай біледі. Жалындаған жастарға от беріп, жағдайын жасап, жатақханаларды қайта жөндеп, барлық білім беретін факультеттерді жанартып, ҚазҰУ қалашығын гүлдендіріп, жандандырған

жанашыл адам. Түркі ғалымы Махмұд Қашқари «кішілік пен кісілік – ұлылықтың белгісі» дейді, қарапайымдылық, кішілік, кісілік сынды қасиетті бойына сіңірген Бақытжан Тұрсынұлының жоғары мәдениетті адам ретінде әрдайым бағалаймыз, құрметтейміз.

Иә, тізбектей берсек, әр басшы өз кезегінде басшылыққа өзіндік қолтаңбасымен келіп, ҚазҰУ-дың көркейіп, дамуына айтарлықтай үлестерін де қоса білді.

ҚазҰУ-дың кешегі тарихы бай, бүгінгі қадамы нық, болашағы жарқын заманауи білім ордасы. Осы тұста, ректор Ғалым Мұтанұлы Мұтановтың: «Бүгінгі таңда, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім беру кеңістігінде өзінің лайықты орнын алып, жоғары білім саласындағы әлемдік көшбасшы университеттің біріне айналды. Қазіргі кезеңде ҚазҰУ-дың басты мақсаты – Қазақстан Республикасы Президенті алға қойған әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруге өз үлесін қосу және әлемнің ең үздік 200 университетінің санатына ену» деген сөзімен толықтай келісеміз.

Ғалым Мұтанұлының бастамасымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті - елімізде ең алғашқы болып, замана талабына сай бейімделген онтайлы оқу бағдарламаларын енгізді. «Бұл бағдарламалар халықаралық агенттіктер аккредитациясынан сәтті өтті. Және де «4.0 индустриясына» мамандар даярлау мақсатындағы экономикалық модернизациялауға бағытталған мемлекеттік даму бағдарламалары аясында білім беру үдерісіне «Е-коммерция», «Сандық лингвистика», «Big data», «Жасанды интеллект», «Геоинформатика», «Заттар ғаламторы», «Биоинформатика» сияқты жаңа оқу бағдарламалары қосылды. Бүкіл посткеңестік елдер аумағында тұңғыш рет Астана халықаралық қаржы орталығы және Бенхалиф (Катар) университетімен бірлескен ҚазҰУ-дың Исламдық қаржы жөніндегі бағдарламасы жүзеге асырылуда. Әлемдік ірі жоғары технологиялық корпорациялар – «Hewlett-Packard», «Cisco», «Konica Minolta», «Fujitsu», «Samsung», «Alcatel», «Microsoft», «Intel», «Касперский зертханасы», «Huawei», университеттің білім беру ісіне белсенді түрде атсалысып, өздерінің ғылыми-білім беру орталықтарын ашты. БҰҰ-ның Нью-Йорктегі штаб пәтерінде өткен Өркеніеттер Альянсы форумында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ таныстырған «4.0 Университет» моделі әлемдік деңгейде кеңінен таратуға ұсынылды. Бұл жоба, сонымен қатар, Израиль, Австрия, Египет, Ресей, Беларусь сынды елдер арқылы халықаралық қоғамдастықта қолдау тапты. Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орындарының көшбасшысы ретіндегі прогрессивті бастамалары мен тәжірибесі өзге де жоғары оқу орындарына кеңінен енгізілуде».

Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез - келген мемлекеттің экономикалық жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Өйткені білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», – деп атап көрсеткен болатын

ҚазҰУ – елімізде ең беделді оқу орны, әлемдік бәсекеге қабілетті, әлемнің ең үздік 200 университетінің санатына енуі мақсат тұтатын заманауи оқу орны. Осы ретте, ректорымыз, академик Ф. Мұтанов «жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген халық даналығын жастарға ұғындыра отырып, үш тұғырлы тілді жетік менгеруді мақсат етіп қояды. Ректордың өз сөзімен айтсақ: «Университетімізде мамандықтың 70% - дан астамы ағылшын тілінде оқытылады. «Осыған сәйкес ҚазҰУ-де еліміз бойынша ең көп шетелдік студенттер білім алууда. ҚазҰУ – әлемнің озық үлгідегі үздік университеттерімен 70-тен астам коسدипломдық бағдарламаларды жүзеге асырды. Осы жобалар негізінде университетте төртінші индустриалды революция жағдайында интеллектуалды көшбасшы тұлғалар даярлайтын халықаралық білім беретін орта қалыптасты. Өз заманында Абай ағамыз «Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы» деп жырласа, бүгінгі ой жарыстыратын заманда оқ бойы озық тұрған ҚазҰУ жастарына қарап «Шетелдерде оқып жүр, талай қазақ баласы» деп айта аламыз. Мағжан ағамыз сенген бүгінгінің жастары білікті басшы, білімді ұстаз берген бағыттан адаспай, еліміздің дамуы мен көркеюіне өз үлестерін қосарына сенеміз.

Иә, халықты сүйіп, жалынды жастар үшін жан аямай қызмет ете білетін тұлғаларды халық та алақанға салып аялайды. Осы ретте «Қасиетті қара шаңырағымыздың» қаймағын бұзбай, білімді жастарға жалын беріп, бой түзеуге үлгі бола білген білікті басшылар тарапына, ректорымыз Ғалымқайыр Мұтанұлына алғысымызды білдіргіміз келеді. Сіздердің еңбектерініз уақыт өткен сайын ерекшелене беретініне біз кәміл сенеміз.

А. МОЛДАҒАЛИЕВА,

А. ЕСЕКЕЕВА,

кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушылары



ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы негізінде ашық семинар сабағы болып өтті. Семинарды филология және әлем тілдері факультеті қазақ тіл білімі кафедрасының доценті С. Иманқұлова ұйымдастырды. Ашық семинар экономика және бизнес жоғары мектебі «логистика» мамандығы орыс бөлімінің 1 курс студенттерінің бастамасы негізінде өтті.

Ұрпаққа тағлым

жігері де жастарға үлгі. Ат үстінде жүріп соғыс тактикасының 250-дей түрін жетік меңгерген, аты аңызға айналған қазақ батыры Бауыржан Момышұлы соның дәлелі. Жастар қазіргі таңда ат үстінде қолдарына бір зат ұстамақ түгілі, шылбырды дұрыс ұстай алмайтындарын, тіпті кейбір ат әбзелдерінің аттарын да дұрыс атай алмайтындарын, қиындықтарға қасқайып тұруға батылдары жете бермейтіндерін жарыса талдап жатты.

Таза табиғат аясында қоршаған ортамен етене араласып, тұрмыс занымен аң аулап соған қатысты тамаша "аң стилін" қалыптастырған бабаларымыздың металмен жұмыс істеудің техникасын, құймалар құюдың күрделі әдістерін жақсы меңгергені әлі күнге дейін аңыз. Ұлы Жібек жолы бойында табылған «Түркеш қаған теңгесі» немесе «Түркінің көк ханының теңгесі» (б.з.д. 704-706), Өзбек хан, Жәнібек хан, Бердібек, Наурызбек, Қызыр хандардың атынан шығарылған Алтын Орда теңгелерінің Жетісу мен Түркістаннан бастап Еділ жағалауына дейін таралғаны белгілі.

Ұлан-ғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның дамуына үлес қосқан ғұлама ғалымдарымыз Әбу Насыр Әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Игүнекидің және т.б. Ұлы дала төсінде жана кезенді бастап берді.

Ал олардың сара жолын жалғастыру үшін қазіргі жастардың санасы сергек, білімге құштар, жаңалықтардың жаршысы болуы керектігі, «техникалық революция»

ғасырында жаңа креативті идеяға жол ашатын бастамаларды ойлап табатын күш-жігерлігі мен табандылықтары мықты болу керектігі мысалдармен дәйектелді.

Экономика және бизнес факультетінің студенттері отандық өнімді өндіруде еліміздің көштен қалып жатқанын, ол үшін орта және шағын бизнесті қаржыландыру, жарнамалау, отандық өнімдерге қолдау көрсету жайлы өз ойларын ортаға салды. «Барлық қазақстандықтарды, бүгінгідей қиын жағдайда, біздің, қазақстандық тауарларды сатып алуға шақырамын. Бұл Қазақстан экономикасына қосқан үлесіміз деп білейік», – деген үндеуін қолдауға шақырды. Қытайдың, не Ресей мен Түркияның өнімін сатып алу әлдеқайда тиімді және пайдалы деп ойлаудан бұрын, «қазақстандық» деген атаумен шығарылып жатқан өнімді алуды ұсынды. Ол үшін кез келген азамат сол алған қазақстандық өнімді жарнамалап отырса, еліміздің қоржынын толтырар едік деген пікірлерін айтты.

Көтерілген мәселелерді жан-жақты ой елегінен өткізіп, зерделеген студенттер аталған мақала өздерінің дүниетанымындарының кенеюіне, халықтың өткені мен бүгінгі және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты екендігін, сондықтан өздеріне артылған міндеттің де жауапкершілігі жоғары екенін ортаға салды.

С. ИМАНҚҰЛОВА,
қазақ тіл білімі
кафедрасының доценті

«ТАЗА СЕССИЯ»

Елімізде «Таза сессия» атты сыбайлас жемқорлыққа қарсы науқан басталды. Бұл науқан «Нұр Отан» партиясының жемқорлыққа қарсы бағдарламасын жүзеге асыру аясында жүргізілуде. Жемқорлыққа қарсы бағдарламаның негізгі мақсаты айқындылықты қамтамасыз ету және осы негіздегі шараларды нығайту, білім беру жүйесінде жемқорлықтың алдын алуға негізделген әрекеттер мен ескертулер, сонымен қатар оқу орындарында моральді-психологиялық, кез келген жемқорлық белгілерін түпкілікті жою, қабылдау, айыптау және жазғыру арқылы оның білім ордасының атына сызат түсіретін қауіп деп қабылдай білуді жүзеге асыру болып табылады.

«Таза сессия» науқанын жүргізу барысында еліміздегі оқу орындарындағы жемқорлық әрекеттердің алдын алу мен анықтау мақсатында жоғары оқу орындарында жасырын түрде сауалнама жүргізіледі. Ұйымдастырушылардың сөзіне сүйенсек «Таза сессия» науқаны Қазақстандағы жоғары оқу орындарында жемқорлық деңгейінің азаюына әсер етеді. Жемқорлыққа қарсы индексі бойынша 2017 жылы Қазақстан 31 ұпаймен Азербайжан, Молдова, Либерия, Мали, Непал елдерімен бірге 122-ші орынды иеленді. 2016 жылы Қазақстан 29 ұпаймен 131 орыннан бір жыл ішінде 9 орынға жоғары қарай жылжыды.

ҚазҰУ-да емтихандар белгілі ережелермен өткізіледі: білім алушыларға шпаргалка, ұялы телефон, сөздік, калькулятор пайдалануға, өзге білім алушылармен талқылауға рұқсат етілмейді. Осы ережелерді бұзған жағдайда сәйкесінше акт толтырылып және осы пәндер бойынша «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы қойылып білім алушы емтиханнан шығарылады.

Оқу пәні бойынша құзіреттілігі негізінде бағалауды тексеру үшін шифрланған емтихан жұмыстарын тексеруге жетекші профессорлар мен доценттерден құралған арнайы комиссия мүшелері жасақталады. Комиссия құрамының емтихан жұмыстарын тексеруі бейнебақылаумен жабдықталған арнайы кабинетте өткізіледі.

Кез келген студент, магистрант және докторант емтихан барысында жемқорлыққа жол бермей әділетсіздікті көрсете алуы және өз құқығы аясында сапалы білім алуда әділдікке жете білуі керек. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да тұрақты негізде жемқорлықтың алдын алу бойынша ақпаратты-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Іс-шараның мақсаты объективті және таза емтиханмен қамтамасыз ету, жемқорлықтың алдын алу, сондай-ақ оқудағы студенттердің білім ордасында заң бұзушылыққа жол бермеу қырағылықтарын арттыру болып табылады.

М. АСЕМБАЕВА,
А. НҰРМҰХАНОВА,

жылуфизикасы және техникалық физика
кафедрасының аға оқытушылары

Новые образовательные модели

Современный рынок труда из года в год предъявляет все больше требований потенциальным работникам. Новые технологии и оборудование, инновационные гаджеты, огромные базы данных – все это изобилие требует от сотрудников немалых знаний и компетенций.



креативно мыслящую и разностороннюю личность.

Что же предпринимают в Казахстане по этому вопросу? Система «Major-Minor» уже действует для педагогических специальностей, но в рамках законопроекта, направленного на расширение академической управленческой самостоятельности вузов, она теперь будет распространяться на всех, так как возникают условия для массового внедрения междисциплинарного обучения.

Так, данная концепция уже успешно внедряется в КазНУ им. аль-Фараби. Профессорско-преподавательский состав, а также наличие материально-технической базы позволяет успешно воплощать данную программу. Например, кафедра менеджмента и маркетинга совместно с кафедрой информационных технологий разрабатывает направление «Автоматизация и управление


– Логистика» для учащихся бакалавра, а также направление «Менеджмент – Учет и аудит» в паре с одноименной кафедрой для магистрантов.

Данные меры позволяют своевременно реагировать на нынешние реалии, продиктованные рынками труда, действительными экономическими потребностями в регионах, а также требованиями общества, что создаст максимальные возможности трудоустройства для выпускников.

А. ТУРГИНБАЕВА,
д.э.н., зав. кафедрой
менеджмента и маркетинга,
А. МАКАНОВА,
магистрант 2-го курса специальности
«Инновационный менеджмент»

Жуырда «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген филология ғылымдарының докторы, профессор Зұфар Сейітжанұлының «Қазақ әдебиетінің бір бұтағы» (2018) атты монографиясын сырттан құяр қос бұлақтың жылғасын қазақ әдебиетіне бұра қосып, арнасын кеңейте түскен зерделі зерттеу еңбек деп бағалаған дұрыс.

«Қазақ әдебиетінің бір бұтағы»



Бұл зерттеуде өздерінің байырғы атамекенінде тұрып жатқанымен XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей мен Қытайдың шекара бөлісінде этникалық тұтас халықтың екіге бөлінуі салдарынан қазақ әдебиетінен оқшауланып қалған Қытай мен Монғолия казактарының әдебиеті қарастырылады. Шет аймақта тұратын қандастарымыздың қиын-қыстау тұрмыс-тіршілігімен әрі әдебиетімен етене таныс әдебиеттанушы-ғалым З.Сейітжанұлы: «Бұл аймақтағы қазақ халқы шекара арқылы шегенделіп бөлінсе де, рухани қазынасы қара шаңырақтағы қазақ халқының өнерімен өзектес. Өйткені этникалық біртұтас, тілі мен діні, салт-дәстүрі бір халықтың мұрасын бөле-бөлшектеп қарауға болмайды. Қайта қазақ әдебиетінің бір бұтағы ретінде қарастырғанда ғана қазақ ұлты рухани мұрасының толық тарихы жасалмақ», — деген тұжырым жасайды.

Екі бөлімнен тұратын еңбектің алғашқы «Қос арна» тарауында Қытай және Монғолия казактары әдебиетінің тақырыптық-мазмұндық сипатына әсер еткен саяси-қоғамдық жағдайды сөз ете отырып, сол аймақтағы қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан қаламгерлердің әдеби мұраларына талдау жасалады. XIX ғасырдың екінші жартысынан қолына қалам ұстап таныла бастаған шет өлкедегі Ақыт Үлімжіұлы, Шылбы Көмеқұлынан бастап, кейініректегі — Т.Жолдыұлы, К. Маралбайұлы, Ш. Алғазыұлы, Д. Шалғынбайұлы, Н. Мыңжанұлы, Қ. Қозыбайұлы, Р. Әпшеұлы, Б. Тышқанбайұлы т.б. ақын-жазушылардың шығармалары сөз етіледі. Қиын-қыстау кезеңге тап болып, іргесі бүтін қазақ елінің үш ел (Ресей, Қытай, Монғолия) қарамағына өтіп тәуелді болуы, ел мен жерден амалсыз ауып кетуге мәжбүр болған казактардың елін, атажұртың аңсауы — ақын өлеңдерінде реалистікпен сипатталған ортақ тақырып болғандығын ғалым талдауларынан байқаймыз. Арғынбек Апапбайұлы, Әріпжан Жанұзақұлы өлеңдеріндегі туған жерді сағыну, еркіндікті аңсау сарындарының орын алғандығына назар аударады. Шыңжан қазақ поэзиясына күрескерлік рух әкелген ақындар Танжарық пен Шарғынның суреткерлік жанашылдығы мен қуғын-сүргін көрген азапты өмірлерінің суреті болған туындылары да зерттеу объектісі болады. Бұл өлкедегі тамыры бір, тағдыры бөлек қазақ әдебиетінің басты ерекшелігі — идеологияның ықпалымен таптық тұрғыдан жазу болмағандығы мен 1950 жылдардан кейін әлеуметтік-азаматтық лириканың басым орын алуы екендігін айтады ғалым З. Сейітжанұлы.

Шыңжан қазақ әдебиетінде проза жанрының алғашқы үлгілері 1940 жылдары жазылғандығы, оған дәлел Дубек Шалғынбайұлының «Кедей оқушының тағдыры», «Махаббат мұңы», Бұқар Тышқанбаевтың «Бір күні», «Шүкір етсен, пікір ет», «Түнгі ән», «Асуда», «Қарбалас», «Әсекеннің бір» әңгімелері мен Нығмет Мынжанұлының «Тұрмыс тілшісі» повесі болып табылатыны айтылады. Проза жанрының одан әрі дамып қалыптасуына мерзімді басылымдарда әңгіме, очерк, повестердің жиі жарияланып тұруы өз әсерін тигізіп, елуінші жылдар ішінде «Ауыл

«Жондағы жорықтар», Дутан Сәкейұлының «Талиға — Талғат» (1985), Жакып Мырзақанұлының «Таңқурай» (1984), Омарғазы Айтандұлының «Аң шадырын оқ табар» (1986), Шайсолтан Қырғызұлының «Дабыл» (1988), «Бұлаң дүние» (1990), Ғани Саржанның «Көрс» (1998), Тұрсынәлі Рыскелдиевтің «Тасқын» трилогиясы, Шәмсі Құрманұлының «Бөке батыр» романдарынан тарихи кезең келбеті мен халық тағдырының шынайы көрініс алатындығы сөз етіледі.

«1950-1980 жылдары қаламгерлер қатары көбейіп қоймай, әдебиеттің барлық жанры уақыт талабына сай дамыды. Прозаның шағын жанры — әңгіме елуінші жылдардан бастап бой көрсетсе, кейінірек (1970-80 жылдары) жүзден астам әңгіме, повесть, ондаған роман жарық көрді. Поэзия жетекші жанр ретінде қоғамдық жанрлардың шежіресіне айналды», — деп шет аймақ әдебиетінің дамуынан хабардар етеді өз зерттеу еңбегінде З. Сейітжанұлы.

1950 жылдан кейінгі Қытайдағы қазақ әдебиетінің даму бағытына бет бұруын Қытай Халық республикасының құрылуымен, қоғамдағы жана демократиялық қозғалыстардың іске аса бастауымен байланыста қарастырылады. «Шыңжан халық баспасы», «Ұлттар баспасы», «Шыңжаң жастар баспасы» сияқты баспалардың ашылуы, әдеби журналдардың шыға бастауы қаламгерлердің қатарын көбейте түскендігін айта келе, жана қоғам ұсынған тақырыпты жырларына арқау еткен ақындар жайы сөз етіледі. Наукандық жырлардың көп жазылуы елу-жетпісінші жылдары поэзияда жадағайлық пен нәрсіздіктің орын алуына әкелгендігін, сезіммен шынайы бейнелеу жетіспегендігін де зерттеу назарынан тыс қалдырмайды. Саяси-азаматтық лириканың басымдық танытуы, қытай сөзі араласқан өлеңдердің көбейе түсуі сексенінші жылдары да жалғасын тапқандығын «Замана жырлары» (1992) атты ұжымдық жинақта берілген елу бір ақынның өлеңдерінен байқауға болатындығы айтылады. Схематизмге құрылған, жалған ұрандау, лепірме наукандық сипатта жазылған шығармалардың қатарынан поэма жанрында жазылған бірқатар шығармаларды да атайды. Бұдан зерттеушінің шет аймақ ақын-жазушыларының шығармашылығын жауапкершілікпен саралап, идеялық-көркемдік қырларына жоғары эстетикалық талап биігінен пайымдап, объективті баға бергендігін байқаймыз.

«Қазақ әдебиетінің бір бұтағы» монографиясында Монғолиядағы қазақ әдебиетінің хал-жағдайынан да көптеген мәліметтер беріледі. Сан жағынан көп шоғырланған Монғолиядағы қазақ диаспорасының ұзақ жылдар экономикалық-мәдени дамудан тыс қалғанымен, халық ақындары өздері кешкен өмір шындықтарын өлең өріміне айналдырып отырған. Халық ақындары ретінде танылған Оңашабай Ірбітұлы, Самайхан Өкшебайұлы, Ноғай Шымыршықұлы, Ақылбай Бақабайұлы, Аманбай Биғайұлы және т.б. өнер иелері күнделікті өмір өзгерістеріне үн қосады. Монғолия казактары әдебиетін зерттеуші ғалым К.Калиасқарұлы оларды ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің жалғастырушы, монғол казактарының жазба әдебиетінің іргесін қалаушылар деп бағалағандығы тілге тиек етіледі. Соның дәлелі ретінде 1942 жылы «Өлеңдер жинағы» деген атпен бірнеше ақындардың (А. Бабиұлы, Қ.Мұхамедәлиұлы, М. Қалыбекұлы, Бәскей) өлеңдері топтастырылған жинақтың шыққаны айтылады. Зерттеуші еңбегінде Монғолиядағы қазақ сөз өнерінің маздап жанған отын өшірмей, үрлей соққан саясат желінен қалқалап ұлттық әдеби

мұрамыздың арнасын кеңейтуге үлес қосқан қандас ақын-жазушыларымыздың еңбектерін шынайы бағалап, ғылыми танымымен сарпайтанды.

Монғолиядағы қазақ әдебиетінің танымал тұлғалары Ақтан Бабиұлының, Құрманхан Мұкамәдиұлының, Дәниәл Дікейұлының, Имашхан Байбатырұлының, Шабдарбай Қатшаұлының, Кәкей Жаңжұңұлының шығармашылықтарынан мәліметтер беріледі. Осы авторлардың бірнеше жанрда қалам тартып, әдебиеттің дамуына айтарлықтай үлес қосқандығын айтады. Мәселен, Ақтан мен Құрманхандар ақын-жазушы ғана емес, әрі драматург ретінде танылса, ал И. Байбатырұлы мен Ш.Қатшаұлы бірнеше пьеса жазғандығын шығармашылығын талдау барысында дәлелдейді.

Сонымен қатар сын мен әдебиеттану салаларында бірталай еңбектердің жазылғаны да сөз етіледі. Атап айтсақ, Қ.Калиасқарұлының «Баян-өлгий казактарының ауыз әдебиеті» (1979), «Халық жырлары» (1970), «Айтыстың қыры мен қызметі» (1978), «Өскен өлкенің өршіл әдебиеті» (1976), М.Құлыбекұлының «Айтыс өлең» (1964), Я.Ллиясовтың «Қаламгер парызы» (1973), «Шеберлік денгейі» (1985), Қ.Жалмұқановтың «Сын сыры» (1985) кітаптарының жарық көруі әдеби сынның дамуын байқатқаны айтылады.

Шығыс Түркістан әдебиетінің ірі өкілдері — Ақыт Үлімжіұлы, Көдек Маралбайұлы, Танжарық Жолдыұлы шығармашылығы жеке қарастырылып, тақырыптық-идеялық мазмұны ашылады. Этникалық біртұтас қазақ халқы шекара сызығымен екіге бөлген кезең шындығын тебірене толғаған ақын жырларында тарихилық «береке-бірлігі бұзылған елдің мұны, бодандық болмысынан туындап жатқан заманның запыран-зары, туған жерге деген ыстық ықыласымен» ұштастырыла көркем өріліп жатқандығы нанымды түсіндіріледі. Бұл ақындардың мұралары идеялық-мазмұнымен ғана емес, сезіммен астасқан сөз суреттілігімен құнды туындылар деп бағаланады.

Шет аймақта тұратын қандастарымыздың әдебиетін кең зерттеу нәтижесінде 2000 жылы «Қытай казактары әдебиетінің туып, даму жолдары» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаған Зұфар Сейітжанұлы бұл әдеби мұраны «қазақ әдебиетінің бір бұтағы» деп танып, әдебиетіміздің арнасын кеңейте түсті. Осы бағыттағы әдебиеттанушылық ізденістерін жалғастыра түсіп, бүгінде «Шыңжан қазақ әдебиеті» («Университет», 1999), «Ақыт ақын» («Қазақ университеті», 2002), «Қазақ әдебиетінің бір бұтағы» («Қазақ университеті», 2018) атты зерттеу еңбектері жарық көріп отыр. Бұған қоса фольклористика, тарихи эпос, балалар әдебиеті саласында жазған еңбектері де қомақты. Ғылым мен білім саласында тынбай өнімді еңбек етіп келе жатқан З. Сейітжанұлының Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында профессорлық қызмет атқарып, әдебиеттің түрлі салаларынан дәріс оқып келе жатқанына да 27 жылдай уақыт өтіпті. Бүгінгі күні студент-шәкірттері мен кафедра ұжымы алдында құрметке ие профессор Зұфар Сейітжанұлының әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі көп екенін айту абзал.

Сәлима ҚАЛҚАБАЕВА,
филология
ғылымдарының кандидаты, доцент

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің №14 жатақханасында «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында Ауғанстан Ислам Республикасынан келген тыңдаушылардың қатысумен "Ыбырай Алтынсарин әңгімелері—тәрбиенің алтын діңгегі" атты іс-шара өтті. Әдеби шараны жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары ұйымдастырды.

Ы.Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы және қазақ даласында алғаш ашқан мектебі туралы материалды қысқаша әрі қызықты түрде 1-топ тыңдаушысы Попал Дуррани Ахмад Набил түсіндіріп берді.



ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Тыңдаушылар — Зафар Али Зафар «Мейірімді бала», Надири Шахаб «Асыл шөп», Ахмади Ахмад Омер «Бақша ағаштары», Наими Ясира «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», Мохаммади Фареба «Бір уыс макта», Шахамат Сима

«Жаман жолдас» атты Ы. Алтынсариннің әңгімелерін қазақша оқып, ауызша баяндап, дәрі тіліне аудармасын жасаудағы алғаш талпыныстарын көрсетті.

Ы.Алтынсариннің «Әке мен бала» атты

әңгімесі бойынша түсірілген балаларға арналған танымдық мультфильм көрсетілді.

Тыңдаушылар әрқайсысы өзіне жақын тұтқан, ұнамды кейіпкерлері туралы пікірлерін білдіріп, шараның соны келісті пікірталасқа ұласты.

Жоғары атап өтілген шараны өткізуге негіз болған «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы тыңдаушы-оқырмандардың әдебиетке, кітап оқуға деген құштарлығын, қызығушылығын оятады және кітапқа деген құмарлықтарын арттыра түсетіні сөзсіз. Тыңдаушылардың шараға белсене қатысып, өз ой-пікірлерін білдіруге ерекше талпыныс танытқанына қарап, осы түрдегі танымдық шаралар жалғасын таба бермек деп ой түйе болады.

Г. ТИЛЕУЖАНОВА,
Г. САПАЕВА,
жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары

Ө. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында университеттік «Біз» театры көп жылғы үзілістен кейін өзінің алғашқы қойылымының тұсауын кесті. Филология және әлем тілдері факультетінің 4 курс студенті Тілес Қанат режиссерлік ететін труппа драматург Қанат Жүнісовтың «Ғашықтар хикаясы» атты спектаклін көрермендер назарына ұсынды.

КӨРЕРМЕНІМЕН ҚАЙТА ҚАУЫШТЫ



Мадинаның, Айымның, Ақмақта балгердің образдарын филология және әлем тілдері және журналистика факультетінің 1-2 курс студенттері Бейбарыс Зарипов, Ернар Кенжебайұлы, Арайлым Пазылхан, Әйгерім Тәттіғалиева, Ұлпан Ади шеберлікпен алып шықты. Ал Дастанның сүйген қызы Қымбаттың рөлін тарих, археология факультетінің студенті Айжан Ибашева ойнаса, деканның рөлін Ақпараттық технология факультетінің студенті - Ермұхаммед Палмағанбетов сомдады. Әсем әуенмен әрлеген филология және әлем тілдері факультетінің 2-курс студенті –Тұрар Досекеш болды.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2019 жыл

«Жастар жылы» деп жариялағандай студенттік «Біз» театрының бұл бастамасы осы жылға деген рухани тартуындай болды. Сол себептен де спектакльдің сәтті өтуіне өз үлесін қосқан ART-centre орталығына, театрымыздың жетекшісі Жанар Сартбай апайымызға өз алғысымызды айта отыра, «Біз» студенттік театрына шығармашылық табыс, жаңа қойылымдарына сәттілік тілейміз.

Ертай БІЛӘЛ,

филология және әлем тілдері факультетінің 1 курс студенті

Болашаққа ұмтылыс

Елбасы Жолдауында айтылған жастар жылының ерекшеліктері мен оларға жасалатын мүмкіндіктер студенттеріміздің қызығушылығын оятты.

Бүгінде жастар баса назарды рухани емес, материалдық құндылықтарға көп бөледі. Сондықтан да бұл жылдың артықшылығы Қазақстан жастарын қоғамдық жұмыстарға тарту, жұмысқа қабілеттігін және өз-өзіне деген сенімділігін арттыру, жеке қызығушылықтарымен айналысуға жағдай жасау және баулу болып табылады.

Қазіргі таңда елімізде – 4 миллионға жуық жастар бар. Қуантарлық жайт – жұмыссыздар саны небәрі 4%-ды ғана құрайды. Жастар жылының ерекшелігі сонда – жеке кәсіп ашамын деген кез-келген азаматқа қол ұшын созу, бағыт-бағдар беру. Осыған дейін де кәсіпкерлікті қолдау мақсатында сан-алуан бағдарламалар болған. Ал осы жылы сол бағдарламалардың саны көбірек болады деп күтілуде. Мемлекет ұсынған бұл бағдарламалар арқасында жеке кәсіп ашуды мақсат қойған әр азамат бағын сынап көре алады.

"Жастар жылы" аясында ұсынылатын бағдарламаларға еліміздің 18 бен 29 жас аралығындағы азамат пен азаматшалары қатысып көруге толық құқылы.

Жастарды патриоттыққа, салауатты өмір салтын ұстануға, қоршаған ортаны аялауға, әрбір жаратылған тиынның қадірін түсінуге және т.б. шақыру мақсатында шаралар мен тәрбие жұмыстары жүргізіледі деп сенеміз.

Жастар жылының күтеріміз көп. Осы жыл білікті әрі іскер мамандарды дайындап шығарып, табысты кәсіпкерлердің пайда болуына жол ашады деген үмітіміз мол. Барлық жастардың қоғамдық санасын кенейтіп, мүмкіншіліктері мен сенімділіктерін арттырып, жан-жақты шындайтынына күмәніміз жоқ.

Айнаш ЕСЕКЕЕВА,
заң факультетінің оқытушысы;
Арайлым САЛАМАТОВА,
студент

«Юный аль-Фараби»

В КазНУ имени аль-Фараби в рамках программы «Рухани жаңғыру» прошла VI научно-исследовательская конференция учащихся школ «Юный аль-Фараби» по теме «Молодежь – будущее Казахстана».



На факультете химии и химической технологии работала секция «Химия», в которой приняли участие школьники из многих городов Казахстана. Учащиеся продемонстрировали научные работы из разных областей химии. Исследования школьников оценивались по таким критериям как - оформление, новизна, актуальность, цель и практическая значимость работы, презентация и ораторское мастерство докладчика, правильные ответы на вопросы.

Практическая часть большинства работ была выполнена в ведущих научно-исследовательских институтах республики. Среди представленных работ школьников особо хотелось бы отметить проект ученика 10 класса профшколы КазНУ Н.Амалбекова - «Ауыр мұнай қалдығының кокс алу процесі» и доклад ученика 10 класса гимназии №175

г.Алматы Д.Мұратбека - «Суды тазартуда бейорганикалық сорбенттерді пайдалану», которые отличались высокой новизной и актуальностью.

По итогам конференции, набрав максимальные баллы по всем параметрам, первое место занял ученик 8 класса гимназии №15 г.Алматы Өзбек Темірлан. Его работа «Перспективы переработки пищевых отходов в условиях городской квартиры» была признана самой лучшей.

М. ДЮСЕБАЕВА,

председатель НИРС факультета,

Д. АКБАЕВА,

заместитель декана по НИД и МС

■ ДЕНСАУЛЫҚ

ТУБЕРКУЛЕЗДЕН САҚТАН!

Бұл ауа-тамшыларымен таралатын жұқпалы ауру және ағзаға туберкулез бактериялары түскенде дамиды. Ең алдымен өкпе, кейде басқа органдарды да зақымдайды. Жұқтыру көзі туберкулезге шалдыққан адам болып табылады.

ТУБЕРКУЛЕЗ НЕЛІПТЕН КАУІПТІ АУРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ

жыл сайын 8,8 миллион адам туберкулезбен аурады;
ем қабылдамаған әрбір науқас жылына 10 адамнан 15 адамға дейін жұқтыруы мүмкін;
туберкулезге шалдыққандардың 75% 20-40 жас аралығындағы адамдарды құрайды;
оның салдарынан жыл сайын 2 миллионға жуық адам қайтыс болады;
ауруды жұқтырғандардың 5-10%-ында ғана ауру дамуы мүмкін.

ТУБЕРКУЛЕЗДІ ЖҰҚТЫРУ ҚАЛАЙ ЖҮРЕДІ?

Туберкулез қоздырғыштары ауру адам сөйлегенде, жөтелгенде, оқығанда, түшкіргенде бактерия шығару арқылы ауаға тарайды. Ауаны жұтқан адамдарға бактерия жоғарғы тыныс алу жолдарына, өкпелеріне түседі. Осылайша туберкулезді жұқтыру жүреді.

АУРУДЫҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР:

Іске қосатын фактор – иммунитеттің әлсіреуі. Толыққанды, үйлесімді тамақтанбау.
- ауыр аурулардың қатар жүруі (АКТК, қант диабеті, ойық жара аурулары және басқалары);
- суық тигізу;
- зиянды әдеттер;
- созылмалы күйзелісті жағдайлар.

ТУБЕРКУЛЕЗ БАКТЕРИЯЛАРЫ ҰЗАҚ САҚТАЛАДЫ, БІРАҚ ТУБЕРКУЛЕЗ БАКТЕРИЯЛАРЫН ӨЛТІРУГЕ ДЕ БОЛАДЫ:

1-1,5 сағат күн сәулесін сәулелендіргенде;
2-3 минут ультракүлгін сәулелер әсерінен;
сүт қайнатқанда;
күнделікті бөлмені желдетіп отырғанда;
ылғалдатып үйді жинап отырғанда.

ЗИЯНДЫ ӘДЕТТЕР МЕН БАСҚА ДА ЖАҒДАЙЛАР ТУРАЛЫ

Кез келген зиянды әдеттер – темекі шегу, ішімдік ішу, есірткі пайдалану тіпті дені сау ағзаға да әсер етеді.

Туберкулезге шалдыққандарға аурудан айығып кетуі қиындыққа түседі.

ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ ДАМУ БАРЫСЫНДА ТӨМЕНДЕГІДЕЙ БЕЛГІЛЕР ПАЙДА БОЛУЫ МҮМКІН:

екі аптадан артық уақытқа созылған жөтел;
әлсіздік;
дене қызуының көтерілуі;
тершеңдік;
тәбеттің нашарлауы;
жүдеу;
шаршағандық;
қан аралас қақырықтың түсуі;
кеуде тұсының ауыруы.
Ағзаның жақсы қорғану күшінің арқасында туберкулез бактериялары сау тіндерінен оқшалайды, айналасында тығыз қабыршақ дамиды да және ауру таралуын тоқтатады.

АУРУДЫҢ БЕЛГІЛЕРІН БАЙҚАҒАН ЖАҒДАЙДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК:

1. тексерілу үшін тұрғылықты және оқу орны бойынша медициналық мекемесіне жүгіну.
2. уақытында анықталған туберкулез - ойдағыдай айығып кетудің кепілі.

ТУБЕРКУЛЕЗДІ ЕМДЕУГЕ БОЛАДЫ ТУБЕРКУЛЕЗ ТЕГІН ЕМДЕЛЕДІ ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ СПЕЦИФИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СПЕЦИФИКАЛЫҚ ЕМЕС ТҮРІ

Спецификалық:
- вакцина және БЦЖ ревакцинациясы
Спецификалық емес:
- салауатты өмір салты;
- тиімді тамақтану;
- дене шынықтыру белсенділігі;
- зиянды әдеттерден бас тарту.

Ж. ЖУНУСОВА,

«Smart Health University city» ЖШС директорының орынбасары

Студент КазНУ Дмитрий Баландин на международном турнире в Словении по плаванию завоевал четыре золотых медалей



ҚАЗҰУ ЖІГІТТЕРІНІҢ МЕРЕКЕЛІК ТАРТУУЫ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

Бас редактор: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІГІТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА,**
Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШҮРИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Талсырыс: №431

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.